

**Тәрбие жұмысының жартыжылдық есебі**  
**«Сарыөзек селосының № 21 орта мектебі»КММ**  
**2021-2022 о.ж**

**Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының мақсаты**

Тәрбие жұмысы – ол анағұрлым толық өзіндік дамуы мен өзін-өзі табысты көрсету мақсатында ересектер мен балалардың бірлескен тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру жөнінде мақсатты бағытталған қызмет.

Тәрбие – жеке адамды мақсатты бағытта, жүйелі түрде қалыптастыру. Аға ұрпақтардың тәжірибесін беру және игеру, сананы қалыптастыру, тәрбиеленушілердің сезімін дамыту және мінез-құлық дағдыларын қалыпқа түсіру, оларды өмір мен еңбекке даярлау тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Жалпы алғанда, бұл процеске балаларды күту және олардың дене күшін дамыту; белгілі бір идеологияны, мінез-құлық белгілерін қалыптастыру; мәдени мұраға тарту, көркемдік талғамды дамыту енеді. Осы мақсатта мектепте тәрбие жұмысының жоспары құрылып, жұмыс атқарылып отырады.

Абай күні-Қазақстан Республикасының мерекелік күнтізбесіне енген күн. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен тамыз Абай күні болып белгіленді. Бұл мереке 2020 жылы аталып өтетін Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында бекітілді. Сондықтан 10.08.21 күні Түркі әлемінің ортақ мақтанышы, қазақтың ұлы тұлғасы, ғұлама ғалым, ойшыл ақын, ағартушы ұстаз, ұлтымыздың тұғыры биік мақтанышы Абай күнімен құттықтаймыз. Абай – дала философы. Абай – қазақтың ұлы Абайы, жер жаһанның алыбы. Абайдың өсиеттері мен өнері асыл қазынасы, әлемдік туындылар қатарында орын алған халқымыздың баға жетпес мұрасы мен рухани азығымен сусындау әрбір өскелең ұрпақ пен сіз бен біздің ұлы тұлғаға тағзым жасауымыз. Абайдың жалынды жыры мәңгі жасай берсін! – деп әлеуметтік желіге мектеп парақшасынан құттықтау жүктедім.

**30 тамыз** егеменді еліміздің ұлы тарихынан орын алатын бүкілхалықтық мереке — Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймыз. Конституция мемлекетті шын мәніндегі бақытты қоғамға бастауға қабілетті құндылықтарды өмірге әкелуге қуаты мен ықпалы жетерлік тарихи құжат. Еліміздің Ата Заңы қоғамдық құндылықтың алтын арқауы және мемлекеттік биліктің бастауы. Ата Заң – бізді өткенмен де, болашақпен де байланыстырып тұрған алтын арқау іспеттес. Оның тұтас болмысынан мемлекетіміздің мерейі мен халқымыздың қалауы мен мұндайды. – әлеуметтік желіге жүктелді.

**01.09.21 алғашқы қонырау соғылды.** Бүгінгі салтанатты жиын тек 1-сынып оқушылары үшін ашық аспан аясында өткізілді. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған жас бүлдіршіндерге «Әліппе» мен «Букварь» табыс етілді. 2—11 сынып оқушыларына Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай " Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбындағы сынып сағаттары өткізілді.

**08.09.2021 сыбайлас жемқорлыққа** қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу қағидаларын қалыптастыру бойынша оқушылар арасында «Адалдық сағаты» өтті. Сынып жетекшілері оқушыларға адалдық, сыбайлас жемқорлық, оның негізгі түрлері, қазіргі қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың себептері, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершілік туралы түсінік берді.

**09.09.21 Президентін сайлау жұмысы жүргізіледі.**

14.09.21 "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ —нің оқушылары арасында отбасы күніне орай "Отан —қуат, отбасы— шуак" атты челленж ұйымдастырылды.

21.09.21 мектеп президентін сайлау үшін хабарламалар әлеуметтік желіге жүктеліп, ашық түрде жүргізілді.

Мектеп парламенті сайлауының басталғанын хабарлаймыз! Мектеп парламентінің президенттігіне үміткерлердің бағдарламасымен танысып, белсенді дауыс беріп, өз таңдауларыңызды жасаңыздар! – хабарламасын, дауыс берушілердің есебінің нәтижесінде 25 қыркүйек күні Адалбекқызы Айтжамал табысқа жетті.

Сонымен қатар 1-11 сыныптар арасында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған "Тәуелсіздік жетістіктері" республикалық бірінғай тәрбие сағаттары өтті.

25.09.2021 күні «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы аясында «Қауіпсіз мектеп автобусы үшін» ұранымен іс — шаралар жоспарланып жұмыс атқарылды. **Акцияның мақсаты** – оқушыларды білім алу орнына тасымалдауды ұйымдастыруда қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету. Сондай-ақ балаларды мектеп автобусымен тасымалдауды жүзеге асыру барысында жол-көлік оқиғасының алдын алу. Акция барысында флешмоб, сурет көрмесі, сынып сағаттары, өткізілді.

27.09.21 жол-көлік оқиғаларының алдын алу және оқушылар арасында ЖҚЕ сауаттылығын арттыру мақсатындағы Онкүндік барысында;

- жол қозғалысы қауіпсіздік ережелері сынып сағаттары

-- 5-11 сынып оқушылары арасында "ЖҚЕ білгірлері" сыныптан тыс іс-шаралар "Жарқын бол!" 1-4 сынып оқушылары үшін.

-5-8 сыныптарда әлеуметтік бейнероликтер көрсете отырып, ақпараттық-түсіндіру, сынып сағаттары өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

27 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекелеріне арналған мектепшілік дебат турнирін өткізді. Пікір сайыс өте керемет өтті. Оқушылар ойларын еркін жеткізіп, тұшымды пікір айтты.

Осыдан 22 жыл бұрын, яғни, 1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында Бас Ассамблея 1 қазанды «Халықаралық қарттар күні» деп жариялаған болатын. Жыл сайын аталып өтетін мерекеге орай оқушылары арасында суреттер сайысы ұйымдастырылып, сынып сағаттары өткізілді.

Жыл сайын қазан айының бірінші жексенбісінде ұстаздар мерекесі аталып өтеді. Бұл күні мектебімізде биын 11 сынып бітіретін түлектердің ұйымдастыруымен өзін-өзі басқару күні өткізіліп, әр оқушы өзінің сүйікті мұғалімдеріне жылы лебіздер мен құрметтерін көрсетті. Және Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ педагогикалық ұжымы педагогтарды Мұғалімдер Күнімен құттықтап, оларға мектеп директорының мадақтамалары, жылы лебізімен жүрекке жылу сыйлады.

28.09.2021. Кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын-алу туралы жоспар құрылған. Жоспарға сай жұмыс атқарылып отырды. Мектеп директорының бұйрығымен «мектеп қауіпсіздігі тобы» құрылған. Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті бақыланып отырды.. Мектепте сенім телефоны орналастырылған.

Гендерлік білім беру бойынша сынып сағаттары жоспарланған. «Гендерлік кемсіту, және зорлық –зомбылық», «Қылмыстық жауаптылық» туралы тарих пән мұғалімі Даулетхан Бердігүл орта буын оқушыларымен әңгімелер, адалдық сағаттарын өткізді.

Мектеп медбикесі Орашова З.С, педагог-психолог Жайлаубай Есенгүлмен ТЖж орынбасары, сынып жетекшілерімен бірге аға буын оқушыларымен «Жыныстық тәрбие. Ерте жыныстық белсенділіктің алдын-алу. Ерте жүктіліктің алдын-алу» туралы кеңес өткізіп отырды..

**12.10.2021 эстетикалық сауаттылық апталығының** екінші күні 1—4 сынып оқушылары арасында "Сиқырлы күз" атты көкөністерден жасалған бұйымдар көрмесі, 5-7 сыныптар арасында "Алтын күз" тақырыбында табиғи материалдардан жасалған бұйымдардан байқау ұйымдастырылды.

8-9 сынып оқушылары арасында "Кәдесый бұйымдарын дайындау" бойынша сабақ барысында байқау өткізілді. Сонымен қатар Шеберлер әлеміне саяхат" эстетикалық сауаттылық апталығының үшінші күні "Әдеп күні" Н.Н. Миназева жетекшілік еткен 1"б" сыныбында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында "Гүл шоқтары мен жапырақтары" тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Және 5—7 сыныптар арасында "Ұлттық колөнер" байқауы ұйымдастырылды.

**12.10.2021 күні 0-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен қашықтықтан ата-аналар жиналысы** өткізілді. Тақырыбы: "Ата-аналардың балалардың физикалық және психикалық денсаулығы үшін жауапкершілігі".

Мақсаты; ата-аналарға балалардың, жасөспірімдердің психологиялық жағдайының түрлерін зерттеу, осындай жағдайлардың алдын алуға үйрету.

Мектептің медицина қызметкері З.С.Орашова ата-аналарға балалардың физикалық және психикалық денсаулығына жауапкершілігі туралы ақпарат берді.

**18.10.2021 күні Қазақстан Республикасының Рухани келісім күніне** орай сынып сағаттары өтті. Кітапханашы Л. Н. Сүлейменова "" Мемлекеттің рухани тірегі" атта кітаптар көрмесін жабдықтап, оқушылардың өзінің қабілетін рухани- адамгершілік тұрғысынан дамытып, жітілдіруге бағыттап отыр. Музыка пән мұғалімі Төлепберді Сәттігүл оқушылардың этикалық ұстанымдарын, моралдық көзқарастарын қалыптастыру мақсатында " Рухани байлық" тақырыбында сынып сағатын

21.10.2021 күні Қазақстан Республикасының Рухани келісім күні- бірлік пен тұрақтылықтың кепілі екенін түсіндіру мақсатында іс- шаралар атқарылды. Апта бойы сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді. Мектептің педагог- психологы Жайлаубай Есенгүл оқушылар арасында "Жүректен жүрекке тақырыбында тренинг өткізді. Қазақстанның тұңғыш Президентінің бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясаты туралы түсінік беру мақсатында тарих пән мұғалімі Даулетхан Бердігүл сынып сағатын ашық түрде өткізді. Рухани келісім күніне оқушылар жоғары дәрежеде ақпарат ала алды.

**28.10.2021 күні** Ұлағатты ұстаз, 35 жыл білім саласында ұрпақ тәрбмесімен айналысқан, көпке өнеге, ақылшы, мектебіміздің ОТЖ орынбасары Айгүл Қабықайқызымен «Өнегелі өмір» жобасы аясында кездесу өткізілді. Оқушылардың қойған сұрақтарына салмақты жауап беріп, олардың болашақта мықты маман иесі, жақсы адам болуына жол көрсетті. Кездесу соны шәкірттеріне деген ыстық лебізімен аяқталды.

**13.10-29.10.2021 аралығында COVID –** ке қарсы мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстары, сынып сағаттары тұрақты жүргізіліп отырды.

9-11 сынып оқушылары арасында «Біз өз іс-әрекетімізге жауаптымыз» атты сынып сағаттары өткізілді.

**18.11.2021 күні** мектеп оқушылары арасында мектеп парламентінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған челлендж ұйымдастырылды.

**22.11. 2021 күні Қатыгездіксіз балалық шақ " ақпараттық науқанын** іске асыру шеңберінде мектеп тәлімгері " Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында оқушыларымен әңгімелер өткізді. Іс-шараның мақсаты: қазіргі балалық шақтың өзекті мәселелеріне назар аудару, балалардың психикалық және физикалық дамуы үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету.

**2021 жылдың 17 қарашасында оқушылар арасында «Мен өз құқығымды білемін»** тақырыбында викториналық ойын, сынып сағаты, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді.

Мақсаты: атқарылған іс шаралар арқылы жеке тұлғаның құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері: оқушыларды дүние жүзіндегі ең маңызды құқықтық құжаттардың бірі ретіндегі құқықтың пайда болу тарихымен және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен таныстыру; оқушылардың құқықтық терминдермен және ұғымдармен таныстыру арқылы ой-өрісін кеңейту; оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамыту; оқушылардың құқықтары мен міндеттерін түсінуге ықпал ету.

**30.11.2021 күні** кітапханашысы Төлепберді Сәттігүл мектеп оқушыларын **"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында** кітап оқуға қызығушылығын арттырып, бастауыш сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу, "ертегі кейіпкері" қатарлы жұмыстарымен жарыс өткізді.

Мектебімізде 30 қараша жоспар бойынша Тұңғыш Президент күніне арналған ашық сынып сағаты ұйымдастырылды. Ашық сынып сағаты оқушыларға Қазақстан Республикасының алғашқы президент күнін атап өту Қазақстан Республикасының президенті — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет алдындағы дүр жетістіктерін тану мақсатымен ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақстан—зайырлы мемлекет» тақырыбындағы жалпықазақстандық диктант 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. Барлығы 42 оқушы қамтылды. Диктант қазақ және орыс тілдерінде өткізілді.

**07.12.2021** оқушылар арасында аға тәлімгер "**зорлық-зомбылықтан қалай құтылуға болады**" атты әңгіме өткізді. Мақсаты: жасөспірімдерге қатыгездік, зорлық-зомбылықтың алдын алу мүмкіндіктері, жәбірленушінің қорғана алатыны туралы заңдармен таныстыру. Және әлеуметтік педагог мектеп қызметкерлеріне, ауыл тұрғындарына жаднама үлестіріп, балаларға зорлық-зомбылық көрсетуді еш құптауға болмайды және бірлесіп белсенді жұмыс жасаудың арқасында барлық зорлық-зомбылық оқиғаларының жолын кесуге болатынын ескертті.

**14.12.2021** Денсаулық сақтау министрі А. Цой Қазақстан Республикасында Pfizer компаниясы мәлімдеген тіркеу куәлігі мен нұсқаулықта 12 жастан асқан балалар мен жасөспірімдер көрсетілген, олар Pfizer вакцинасын ала алады. Бұл ретте тек ерікті түрде және ата-аналарының келісімімен ала алады деп көрсеткенін айтты. Осы мақсатта мектеп оқушылары ата-аналарының келісімімен желтоқсан айынан бастап ерікті түрде вакцина ала бастады. Қазір мектептегі 12 жастан асқан оқушылардан 31 оқушы вакцина алды. (әлеуметтік желіге тіркелді)

**16.12.2021 Тәуелсіздік мерекесі** қарсаңында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған патриоттық әндер» байқауы, «I LOVE IS KAZAKHSTAN» атты флешмоб, Мен «Тәуелсіз Қазақстанды суреттеймін!» суреттер байқауы, «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

15.12.21 күні мемлекеттік гимн орындалып, сценария бойынша жасөспірімдерді "Жас Қыран" ұйымына қабылдау салтанатты түрде ұйымдастырылды. Елдің болашағы жасөспірімдер қадамдарың құтты болсын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! – айтылды. Және 20.12.2021 күні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген аудандық "Тәуелсіз елдің ұрпағымыз" атта патриоттық әндер байқауына мектебімізден үш оқушымыз қатысып, екі оқушымыз Гран-при жүлдесін ұтып алды.

7 "а" сынып оқушысы Сүйеніш Фариза- Гран-при

11 "а" сынып оқушысы Мәдениет қызы Еркеназ- Гран-при.

Сонымен қатар 21.12.2021 күні "Менің терезедегі туым" акциясын өткіздік. Мектеп оқушылары көк туымызды қастерлейтінін жеткізіп, акцияны жүйелі ұйымдастырып, әлеуметтік желіге жүктедік. 22.12.2021 күні тәуелсіздік мерекесіне құттықтаулар жасалды.

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі,

Мықты болсын Қазақтың керегесі,

Тату-тәтті жас ұрпақ бақытты боп,

Арта берсін елімнің берекесі!

**09.01.2022 күні Президент сайлауын** мектеп паракшасынан құттықтау жолданды.

Қан төгілмесін,

Елдің іргесі сөгілмесін

Ата-бабам армандаған, ел аңсаған,

Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын!

Мектеп ұжымы Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың үндеуін қолдаймыз!

Біз елімізбен біргеміз. Халқымызды "жұмыла көтерген жүк жеңіл" дегендей бірігуге, бірлікке шақырамыз!

**04.02.22 күні Спорт**— адамның ең басты және баға жетпес байлығы. Спорт жаттығулары ағзаның иммунитетін көтереді, сол себепті спортпен шұғылданатын адамдар, вирустық инфекцияларға бейім болмайды. Физикалық белсенділік қан тамырларына жағымды әсер етеді.

Осы мақсатта оқушылар спорттық сецияларға белсене қатысып, салауатты өмір салтын сақтайды.

**10.02.2022 күні** 9 ақпан – қазақтың ақиын **ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күні**. Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған Мақатаевтың өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Ақынның туған күні қарсаңында мектепте сынып сағаттары өткізіліп, мектеп кітапханасында жасөспірім оқырмандардың ақын өлеңдерін жатқа оқу сағаты өтті

**10.02. 2022 күні "Отбасы тәрбиесі" бағыты бойынша** "Отбасы- тәрбие бастауы" ұранымен сынып сағаттары өткізілді. 5 "а" сыныбы "Отбасы рухани жаңғырудың негізі" тақырыбында өткізілген сынып сағатын оқушылардың пікір таласымен жалғастырып, тақырыпты аша түсті. Ал бастауыш сынып оқушылары қиялдарын сурет сызу арқылы жеткізді.

**11.02.2022 күні Мектеп парламенті апталығы** өткізілді. Мектеп парламенті бұл белсенді оқушылар. Олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымдағы істерге бей жай карамай, шығармашылық көзбен қарайды.. Осы мақсатта мектеп парламенті 07 ақпаннан бастап, апталық жұмыстарын ашық түрде бастап кетті. 16.02.2022 күні Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 32 жыл білім саласында сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеп, ұшырған бастауыш сынып мұғалімі Сағидолда Гүлбаршынмен "Өнегелі өмір" жобасы аясында кезесу өткізді.

Ұстаз оқушыларға болашақта алға мақсат қойып, мықты маман иесі болуға кеңес беріп, аналық ыстық ықыласын білдірді.

**17.02.2022. Совет әскерлерінің Ауған жерінен** шығарылғанына 33 жыл толуына орай жоспар құрылып, жұмыс атқарылды. Апталық 14.02.2022 күні Совет әскерлерінің Ауған жерінен шығарылуына 33 толуына орай салтанатты жиынмен басталды. 16.02.22 күні 9-11 сынып оқушылары арасында "Ауған соғысы.." тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, "Алау", " Ұлан" әскерилендірілген ойындары аясында жас әскер бөлімшелері үшін мектепшілік жарыс ұйымдастырылды. Және "Жас Ұлан" ұйымы "Батылдық пен ерлік" атты сайыс- презентациясын өткізді. 18 ақпан «Ауғанстан – жанымның азабысың» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, суреттер байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты; өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, кайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету, Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге баулу.

**Елімізде 1 наурыз - «Алғыс айту күні»** болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде. Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған.

1 Наурыз Алғыс айту күнін мектеп оқушылары сабақтарын ізгі тілектерімен бастады.

«Достығымызға рахмет!» атты ойын және тақырыптық сабақтар ұйымдастыру өткізіліп өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен сыныптан тыс шаралар жалғасын тапты.

10.03. 2022 күні өзін өзі басқару ұйымы, тәлімгер Уатхан Сағатгүлдің ұйымдастыруымен

жабдыкталған "Алғыс сандықшасын" ашып, оқушылардың ізгі тілектерін ата- анасына, ұстаздарына, достарына арнайы хат қалтаға салып, үлестірді. Жылы сөздер мен ізгі тілектер- жан жадыратары сөзсіз.

Ыстық лебіз, шынайы алғыстарын бірі өлең жолдарымен жеткізсе бірі жүрекшілергі жазды, ал біреулері "Алғыс айту" сандықшасына жазып салды. Апта соңында сандықша ашылып, әр құттықтау иелеріне жолданды. Оқушылардың алғысы аналарына, ұстаздарына, мектеп қызметкерлеріне жеткізілді.

**27.02.2022 күні 3'б" сыныбында 16- қараша Халықаралық мейірімділік күніне** орай сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Балалардың «мейірімділік», «қайырымыдылық», 9-11 сынып оқушылары арасында «Келісім – достық кепілі», «Бір шаңырақ астында», «Біздің күшіміздің бірлігінде», «Бір шаңырақ астында» тақырыптарында эссе, шығарма конкурстары, сияқты адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге баулы болды.

**01.03.2022 күні Дүниежүзлік Азаматтық қорғаныс күні өткізілді. Дүниежүзлік Азаматтық қорғаныс күні аясында** "Азаматтық қорғаныс және әрбір үйдегі алғашқы көмек" тақырыбын негізге ала отырып, оқушылардың төтенше жағдайдағы іс- қимыл бойынша теориялық білімдерін, дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру мақсатында екі ауысымға жекелеп, карантиндік шараларды ескере отырып, іс- шара өткізді.

**8-Наурыз мерекесі** құтты болсын! Баршаңызға Қарағанды облысының білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің ұжымы, оқушылары "асыл армандардың орындалуын, жан жадыратар қуаныштың мол болуын, отбасы бақыты мен берекесі сарқылмауын, денсаулықтың мұқалмауын тілейді

**18.03.2022 күні "Қош келдің, Әз Наурыз"** мейрамын 18 наурыз күні жоспар бойынша, мектеп ұжымы бастауыш сыныптардың Әз Наурыз мерекесімен бастады. Оқушылар мерекені әсем ән, көркем бимен бастап, қазақтың ұлттық ойындарын насихаттап, соңында мектеп асханасынан "Наурыз көжеден дәм тату қазақы дастарханымен аяқтады. 18 наурызында " Қош келдің, әз Наурыз" мейрамының екінші бөлімі орта буын оқушыларымен мектеп ұстаздарының ұлттық өнер мен салт дәстүрді дәріптеп ұйымдастырған мерекелік шарасымен жалғасты. Әз Наурызбен құттықтап, мерекені бастаған мектеп директоры А.Д. Тауекелова, соңында мектеп ұстаздары мен оқушыларға алғыс білдіріп, мектеп асханасына Наурыз көже ішуге шақырды. Наурыз мерекесі жоғары көңіл күймен өтті.

**2022 жылдың 16 наурызында ыстық тамақтандыруды ұйымдастырылуын бақылау** мақсатында, ведомствоаралық сараптау кеңесі мектеп асханасына тексеріспен барды. Тексеріс барысында асхана жұмысының құжаттары тексерілді және күнделікті мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі қаралды. Сонымен қатар балалардың дұрыс тамақтануын бақылау мақсатында, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары да қаралып, талапқа сай екені анықталды.

**06.04.22 күні** оқушыларға **қауіпсіздік ережелері** таныстырылды. Сынып жетекшілері оқушыларға су тасқыны мен көктемгі қауіпсіздік ережелерін таныстырып, сақтық шараларын өткізді. Әрдайым дайын болыңыз.

Тұрғылықты жеріңіз туралы жақсы біліп алыңыз, егер су тасқыны мен сел жүретін аймақта тұрсаңыз әрдайым құлағыңызды түріп жүріңіз. Мысалы, өзен маңына қоныстанған қала, елді мекендерде көктемде жыл сайын табиғи апаттың алдын алу жұмыстары атқарылады. Тасқын кезінде қажетті заттарды іздеп әбігерге түспес үшін құжаттар, ақша, бағалы бұйымдарды сенімді орынға жинап қойыңыз. Азық-түлік, су және құтқару шеңбері, арқан, қайық секілді қажетті құтқару заттарын алдын ала алып қоюды ұмытпаңыз.

## 2. Сонғы жаңалықтардан хабардар болыңыз

Елдің кез келген нүктесінде су басу қаупі бар болса телеарна, радио, интернетте бұл туралы міндетті түрде жаңалықтар шығады. Мысалы, Ваq.kz ақпарат агенттігі Семейде табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланды, Қазақстанның 6 аймағында су деңгейі көтерілуі мүмкін, ШҚО-дан өзге 5 облыс су тасқынына дайын болуы керек деген ақпараттар таратты. Айта кетсек, азаматтардың телефонына 112 қызметі ауа райы, болуы мүмкін табиғи апаттар туралы хабарлама жіберіп отырады.

## 3. Электр мен газды өшіріңіз

Үйіңізге су кірместен бұрын тез арада барлық коммуникацияны өшіріңіз. Электр тогына су тисе қандай жағдай болатынын бәріміз білеміз. Тіпті соңы адам өлімімен аяқталуы мүмкін. Барлық есік пен терезе жабық болуы керек.

## 4. Егер сіз суға батып бара жатсаңыз...

Жүзуге, су бетінде ұстап тұруға көмектесетін кез келген затты пайдаланыңыз. Үйіңізде доп, пластик бөтелкелері, үлкен үрмелі шарлар болса тіптен жақсы. Егер жаныңызда бір адам көмек сұраса бірден қолыңызды созып судан шығарып алуға тырыспаңыз. Мұндай жағдайда сіз өзгені де, өзіңізді де құтқара алмайсыз. Одан да ол адамға су бетінде ұстап тұруға көмектесетін заттарды беріңіз.

## 5. Оқшау орында қалып қойсаңыз...

Үйіңізді су басып жатқанда жағдайға қарап сіз тез арада көмектің жете қоймайтынын түсінесіз. Сол себепті ең алдымен өзіңіз әрекет етуіңіз керек. Киіміңіз бен аяқ киіміңізді шешіңіз. Терең тыныс алып су астында қалған қалқып жүретін қандай да бір затты ұстап алыңыз да су бетіне шығыңыз. Ең бастысы дүрлікпеңіз. Егер сабыр сақтасаңыз тірі қалу мүмкіндігі арта түседі.

## 6. Су тасқынынан кейін не істеу керек?

- Үйіңізді тексеріңіз, себебі газ жиналып қалуы мүмкін;
- Электр мен газды қоспаңыз, оны мамандарға тапсырыңыз;
- Үйіңізде құлайын деп тұрған қандай да бір заттардың бар-жоғын тексеріп алыңыз. Мысалы, іргетасты, қабырға, терезе, еденнің бүтіндігін тексеріңіз;
- Электр сымы мен канализация, газ беру жүйесінің дұрыс екенін тексеріп алыңыз;
- Сумен араласқан азық-түліктерді лақтырыңыз, олар қауіпті болуы мүмкін немесе қолдануға жарай ма, жоқ па тексеріңіз;
- Су басқан заттардың бәріне дезинфекция жасау керек;
- Су тасқыны дүние мүліктеріңізге үлкен шығын келтірсе, жергілікті атқарушы органдарынан көмек сұраңыз;
- Жүзу білмесеніз тез арада үйреніп алыңыз.

Су тасқынының салдары жаппай індетке, егістіктің бүлінуі мен малдың қырылуына, үйлер мен коммуникацияның қирауына, адамдардың өліміне әкеп соғуы мүмкін екені таныстырылды.

## 07.04.22. ҚР Білім және ғылым министрлігі:

Колледждердің болашақ студенттері үшін біздің тамаша жаңалығымыз бар! — дейді.

Құрметті ата-аналар, сіздердің назарларыңызға Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің " №21 жалпы білім беретін мектебі"КММ ұжымы ұсынамыз. Биыл колледждерде білім алу үшін гранттар саны 45 мыңға артады, ал барлығы 125 мың грант бөлінеді.

Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға арнайы гранттар қарастырылған, ол үшін «Білім туралы» Заңға өзгерістер енгізілді, енді көп балалы отбасылардан шыққан балаларға – гранттардың 5%, толық емес отбасылардан шыққан балаларға - 1%, физикалық мүмкіндіктері шектеулі балалары бар отбасылардан шыққан балаларға-1% бөлінуі көзделген. Өткен жылы колледждерге қабылдау 10 мыңға артып, 166 мың адамды құрады, оның ішінде 93 мыңнан астамы мемлекеттік тапсырыс бойынша (тегін оқуға) түсті, соның ішінен 67%-ы квоталық санаттар бойынша өтті (61,9 мың адам).

Бүгін біз техникалық мамандықтарға сұраныстың артып келе жатқанын көріп отырмыз, бұл туралы Мемлекет басшысы да айтты, сондықтан 2025 жылға дейін мемлекеттік тапсырыстың 70%-ын (қазір 45%) металлургия, IT, құрылыс, инженерия және қызмет көрсету сияқты бағыттар құрайтын болады.

Бүгінде әкімдіктер жанындағы арнайы комиссиялар өңірлерде сұранысқа ие мамандықтар тізімін жасап жатыр. 30 сәуірден бастап облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының сайттарында мемлекеттік тапсырыс көзделген мамандықтар туралы ақпаратпен танысуға болады.

Кәсіптік бағдар бойынша ата-аналар мен оқушылар үшін таныстарылды.

**2022 жылдың 12 сәуір** ыстық тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылау мақсатында бракераж комиссиясы тексеріс өткізді. Тексеріс барысында асхана жұмысының құжаттары, мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкестігі, күнделікті алынатын тамақтың сынамасы, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі бақыланды. Жұмыс барысы тиянақты, талапқа сай екені анықталды.

**12 сәуір** - Ғарышкерлер күніне арналған іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Тұңғыш ғарышкерлермен таныстыра отырып, оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, өз елінің батырын құрметтеуге тәрбиелеу. Жоғары буын оқушыларына видеороликтер көрсетіп, ғарышкерлердің өмір жолдары, жетістіктері таныстарылып, пікір талас өткізілді.

Оқушылардың қызығушылықтары жоғары болды.

**21.04.22. "Таза бейсенбілік"** ұйымдастырып, оқушылармен бірге мектеп ауласын тазартып, көгалдандыру жұмысына кірісіп кетті. Әр сынып, әр әдістемелік бірлестіктер өздеріне жүктелген жұмыстарын жауапты атқарып, экологияға үлес қосумен қатар мектеп ауласын көгалдандыруға жауапкершіліктері жоғары екенін көрсетіп отыр.

**21.04. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні.** Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын дәлелдейтін бұл мерекке орай мектеп кітапханасында тақырыптық көрме ұйымдастырылып, оқушылар арасында "Бірлік пен татулықтағы Қазақстан" атты сабақ өткізілді. Және апта бойы сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттауды жас ұрпақ бойына қалыптастыру.

**26.04.2022 күні "Балалар жылы-2022" аясында "Өскелең ұрпақ біздің болашағымыз"** атты ауыл әкімімен кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Өскелең ұрпақты қорғау, балалар мен жастарға қолдау көрсетіп, болашаққа бағдар беру. Кездесу барысында мектеп оқушыларына ауыл әкімі К. Мусалимұлы жас ұрпақтың сапалы білім алып, кәсіптік білімге бастауыш сыныптан бастап, бейімделуі керек екенін дәлелмен түсіндірді.

**28.04.2022 күні** 9-11 сынып оқушыларымен «**Өндірісте еңбекті қорғауды ұйымдастыру**» атты сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: еңбек мәдениетіне тәрбиелеу, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, еңбекті қорғау ережелері мен нұсқауларын сақтауға дағдыландыру.

**7 сәуір - Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына** орай салтанатты жиын ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой- өрісін дамыту, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру.

**26.04.2022 күні Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына** орай мектеп кітапханасында "Ұлы Жеңіс батырлары" атта кітаптар көрмесі қойылып, "Жеңісті жүрегімізде сақтайық!" тақырыбында ерлік пен патриоттық сабақтары өткізілді. Сонымен қатар жас мергендер сайысы ұйымдастырылды. 5 мамырында Ұлы Отан Соғысының 77-жылдығына орай 1,2



сыныптарының сынып сағаттары ұйымдастырылды. Және "Жеңіс лентасы" акциясы өткізді. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орайластырылған айлық жұмыс қарсаңында 2 сынып оқушыларын Жас Қыран" ұйымына қабылдау салтанаты ұйымдастырылды. Және 77 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай жоспар бойынша 6 мамыр "" Ерлік- елге мұра, ұрпаққа ұран, "Отаны бірдің тілегі бір" атты біріккен сынып сағаттары өткізілді. Ауыл әкімі Мусалим Кеңшілік мырзаның қатысуымен айлықтың жабылу салтанатты жиыны ұйымдастырылып, іс-шараға белсене қатысқан оқушыларға мектеп директорының алғыс хаттары тапсырылды. Сонынан аға тәлімгер мен мектеп президенті талантты оқушылардың қатысуымен "Желбіре Жеңіс жалауы" тақырыбында мерекелік концерт өткізіліп, мектеп ұжымына жоғары көңіл күй сыйлады. Жеңіс күні құтты болсын!

**12.05.2022 күні** Қазақстан-бірлігі мен ынтымағы жарасқан тәуелсіз мемлекет. Сан ұлттың басы қосылған, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ынтымақты ту еткен мемлекеттің ертеңі ұрпағымына үлгі боларлық тәлім мен білім беретін іс-шаралар мектебімізде үнемі өткізіледі. Биыл да бірінші мамыр күніне орай ерекелік шаралар өз деңгейінде өткізілді. Сарыөзек ауылының аумағында 2022 жылдың 12 мамырында мектеп директоры А.Д. Тауекелова, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Кабыхай Аәлеуметтік педагог Зулхарнай Ж, әкімдік аппаратының жетекші маманы Жантүгел Адалбекпен бірге қолайсыз отбасыларында болып, жалпы біліммен қамтылмаған оқушыларды анықтау, әлеуметтік-медициналық көмекке мұқтаж балаларды тәрбиелеп отырған отбасына жан-жақты қолдау көрсету, келеңсіздіктердің себептерін жою мақсатында «Қамқор» жедел-профилактикалық іс-шарасы, рейді өткізілді.

**1.05 2022 күні Өмірдің негізі- отбасы!** Отбасы күні құтты болсын! Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің "№21 ЖББМ " КММ педагогикалық ұжымы мен оқушылары барлық қауымды Халықаралық Отбасы күнімен құттықтайды! Атаулы күнге байланысты мектебімізде "Отбасы – асыл қазына" атты сынып сағаттары өткізілді.

**18.05.2022 күні Мектепте "Нашақорлықтың, және темекі шегудің алдын алуға** бағытталғын іс-шаралар жоспарына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте баланың құқықтарын қорғауды күшейту және жасөспірімдер арасында темекі шегудің алдын алу» жедел-профилактикалық іс-шаралары өткізілді. Іс-шараның мақсаты: мектеп оқушылары арасында темекі өнімдерін тұтынуды болдырмау. Жасөспірімдерді салауатты өмір салтын қалыптастыруға баули отырып, саналы түрде салауатты өмір салтын таңдауға және өз таңдауы үшін жауапкершілікке дайындау. Осы мақсатта педагог-психолог сынып сағатын өткізіп, мектеп медбикесі оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жасады. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен « Темекі шегудің алдын алу» тақырыбында ауыл тұрғындарына жаднамалар үлестіріп, салауатты өмір сүруге шықырды.

**25.05.2022 күні** Бүгін "Сыңғырла соңғы қоңырау" атты салтанатты кеш өткізілді. Құрметті ұстаздар және ата-аналар, мереке қонақтары! Сіздерді «Соңғы қоңырау» мерекесімен құттықтаймыз! Білімге құштар, көзі ашық жастар мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі! Түлектерімізге ақ жол!

**2022 жылғы 20 мамырда** Осакаровка кентінде жалпы білім беретін мектептер арасында балалар жылына арналған аудандық жасөспірімдер жарысы өткізілді. Спорттың бес түрінен: үстел теннисі, асық ату, армрестлинг, шағын футбол, ұлдар мен қыздар арасындағы волейбол.

Үстел теннисінен Сарыөзек ауылының №21 ОМ Перизат Тамкей қыздар арасында бірінші орынды, Сарыөзек а. № 21 ОМ Жилбир Бекболат ұлдар арасында бірінші орынды иеленді.

Асық атудан қыздар арасында бірінші орынды Осакаровка к. № 1 ОМ Киристан Майрагуль, ұлдар арасында бірінші орынды Сарыөзек а. № 21 ОМ Эбілмансур Армия иеленді.

Армрестлинг бойынша жарыстарда Осакаровка к. № 1 ЖББМ Болтай Аяала, Сарыөзек а. № 21 ОМ Бақытхан Жәнібек, Осакаровка к. № 1 ОМ Өнерхан Халифа, Осакаровка к. № 1 ОМ Хиса Мұхамедияр, Тельман а. 22 ОМ Қалисіләм Абылай, Тельман ауылы Жәнібек Баямұрат, Осакаровка к. Конох Константин, Осакаровка к. Крестьяников Руслан Осакаровка жеңімпаз атанды.

Шағын футболда 1 орынды Осакаровка к. № 12 ОМ командасы жеңіп алды.

Қыздар арасындағы волейбол жарысында Есіл а. № 2 ОМ оқушылары жеңімпаз атанды, ұлдар арасында бірінші орынды Шұңқыркөл а. №11 ОМ командасы жеңіп алды.

**01.06.2022 күні Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні** қарсаңында мектеп кітапханасында оқушыларымен ақпараттық сағат өтті. Бұл шараның басты мақсаты – ортақ тарихи мұрамызды насихаттау, Ахмет Байтұрсынұлының өткен өмірімен таныстыру, саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау, олардың тарихын білу.

### **01.06.2022 күні**

Құрметті балалар, достар, ата - аналар! Сіздерді бүгінгі 1 - маусым халықаралық балалар күнімен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, жас өскелең ұрпақ аман болсын! - деген тілекпен мектебімізде Халықаралық балалар күні және "Айналайын" жазғы сауықтыру алаңының ашылуы аталып өтті. "Бала деген бір бақыт" атты мерекелік шара мектеп директоры А. Д. Тауекелованың оқушыларды балалар күнімен және жазғы сауықтыру алаңының ашылуымен құттықтауымен басталды. Мерекені оқушылардың әуезді әндері мен әсем билері әсерлей түсті. Шара соңында кәсіпкер Әбдіқадыр қызы Роза тәтті сый жасап, бүлдіршіндердің көңіл күйін аша түсті

**2022 жылдың 1 маусымында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»** Ұлттық ақпараттық науқаны басталды.

Акцияның негізгі мақсаты – қоғамның, оның ішінде ересектердің, балалар мен олардың ата-аналарының назарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін пайдаланудың алдын алу мәселелеріне аудару.

**09.06.2022 күні ЧЕЛЛЕНДЖ.** Балалар жылын және «Балалардың игілігі үшін» республикалық акциясын жүзеге асыру аясында «Баланы құттықтаймын!» атты Халықаралық балаларды қорғау күні табысқа жеткен жандардың бейнеқұттықтаулар челленджі өткізілді.

Челлендженің мақсаты – қысқа бейнероликтер арқылы азаматтық қоғамның назарын Балаларды қорғау күнін мерекелеуге аудару.

— табысты адамдардың тәжірибесі арқылы балаларды интеллектуалдық, шығармашылық, салауатты өмір салтын дамытуға ынталандыру. Осы мақсатта ауыл әкімі Мусалим Кеңшілік мектептің жасөспірімдерін және барлық балаларды "Халықаралық балаларды қорғау күнімен" құттықтады.

**14.06.2022 күні ЧЕЛЛЕНДЖ** түлегі еркін күрес жүлдегері Жататаева Инкара Қәдіржанқызы өз құшан ұясына, жасөспірімдерге кез келген уақытта көңілі ақ, алаңдаулы екенін дәлелдеп, спорттық жарыста сапарда жүрсе де оқушыларды "Балаларды қорғау күнімен құттықтайды. Инкараға әркез сәтті сапар, мықты денсаулық, толағай табыс тімейміз.

**13.06.22 "Түнгі қаладағы балалар"** жедел-алдын алу іс- шаралары кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдердің заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде және тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде болуына жол бермеу мақсатында 2022 жылдың 10 маусымда Сарыөзек селосы аумағында "Түнгі қаладағы балалар" жедел-алдын алу іс-шарасын өткізді.

Рейдтік іс-шара сәтсіз отбасылар тексеріліп, профилактикалық әңгімелесулер жүргізілді.

16.06.22 күні 9-сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестат тапсыру салтанатты жиыны өтті. Жиында мектеп әкімшілігі, ұстаздар мектеп түлектеріне деген тілегін арнап, ақ жол тіледі. Ал ұстаздардың сапалы білім, саналы тәрбиесі үшін өз ризашылықтары мен алғыстарын ата-аналар да жеткізіп, әсерлі тілектерін айтты.

Ұстаздар қауымы оқушыларға әрқашан тек сәттілік пен жарқын болашақ тілейді!

Бүгін, 17 маусымда 11-сынып оқушыларына жалпы білім беретін орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті. Елімізде мектеппен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алаған жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне ерекше көңіл бөлінуде. Құрметті жас түлек еліміздің лайықты азаматы, саналы ұрпақ болуларың, барлық мақсаттарыңа жетулеріңе тілектеспіз! – тілектері айтылып, әлеуметтік желіге жүктелді.

Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары

Кабыхай А

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына орай Қаулысымен танылған Абай күні болып белгіленеді. Бұл мереке 2020 жылдан бастап әр жылғы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Семей облысының 10.09.21 күні Түркі әлемінің ортақ мақтаншыны, Қазақстан ұлы ақыны, ағартушысы, ойшына ақыл, ағартушы ұстаз, ұлттық рухын тұлғаны биік мақтаншылықпен құттықтаймыз. Абай – дана философы, Абай – халықтың ұлы Абайы, жас ұрпақтың қамқары. Абайдың өлеңдері мен өнері асыл қазынаға, әлемдік құндылыққа айналды. Оның алаған халқымыздың өмірі жетпес мұрасы мен рухани азығымен сусынданған ұрпақ пен сіз бен біздің ұлы тұлғаны тұлғаны жасауымыз. Абайдың жолында жетілікті жасай берсің! – деп әлеуметтік желіге мәтінді парақшасынан жүктелді.

30 тәуелсіздігіміздің ұлы тарихынан орын алған бүкілжазғылық мереке — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына орай Қаулысымен танылған Абай күні болып белгіленеді. Бұл мереке 2020 жылдан бастап әр жылғы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Семей облысының 10.09.21 күні Түркі әлемінің ортақ мақтаншыны, Қазақстан ұлы ақыны, ағартушысы, ойшына ақыл, ағартушы ұстаз, ұлттық рухын тұлғаны биік мақтаншылықпен құттықтаймыз. Абай – дана философы, Абай – халықтың ұлы Абайы, жас ұрпақтың қамқары. Абайдың өлеңдері мен өнері асыл қазынаға, әлемдік құндылыққа айналды. Оның алаған халқымыздың өмірі жетпес мұрасы мен рухани азығымен сусынданған ұрпақ пен сіз бен біздің ұлы тұлғаны тұлғаны жасауымыз. Абайдың жолында жетілікті жасай берсің! – деп әлеуметтік желіге мәтінді парақшасынан жүктелді.

01.09.21 жылғы Семей қаласының әкімінің қаулысымен 1-сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестат тапсыру салтанатты жиыны өтті. Жиында мектеп әкімшілігі, ұстаздар мектеп түлектеріне деген тілегін арнап, ақ жол тіледі. Ал ұстаздардың сапалы білім, саналы тәрбиесі үшін өз ризашылықтары мен алғыстарын ата-аналар да жеткізіп, әсерлі тілектерін айтты.

09.09.2021 жылғы Семей қаласының әкімінің қаулысымен 11-сынып оқушыларына жалпы білім беретін орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті. Елімізде мектеппен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алаған жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне ерекше көңіл бөлінуде. Құрметті жас түлек еліміздің лайықты азаматы, саналы ұрпақ болуларың, барлық мақсаттарыңа жетулеріңе тілектеспіз! – тілектері айтылып, әлеуметтік желіге мәтінді парақшасынан жүктелді.

09.09.2111 жылғы Семей қаласының әкімінің қаулысымен 11-сынып оқушыларына жалпы білім беретін орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті. Елімізде мектеппен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алаған жас ұрпақтың тәрбиесі мен біліміне ерекше көңіл бөлінуде. Құрметті жас түлек еліміздің лайықты азаматы, саналы ұрпақ болуларың, барлық мақсаттарыңа жетулеріңе тілектеспіз! – тілектері айтылып, әлеуметтік желіге мәтінді парақшасынан жүктелді.